

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті

Тақырыбы: **Шерхан Мұртаза**

Орындаған: Сұлтанқызы А.
Тогызбаева П.

Алматы, 2015 жыл



Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Әулиеата уезі, қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ топырағында дүниеге келген. Әкесі Мұртаза 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Шерхан 1941 жылы Талапты мектебінде бірінші кластың табалдырығын аттаған кезден бастап-ақ оқумен бірге еңбекке де араласты. Балалық шағы соғыстың қиямет, қиын-қыстау кезеңіне тұспа-тұс келді. 1950 жылы Жамбыл қаласында интернат үйінде жүріп, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң әуелі Мәскеу полиграфия институтында, үшінші курстан бастап Мәскеудің мемлекеттік Ломоносов атындағы университетінде оқып, журналистика факультетін 1955 жылы бітіріп шығады. Сол жылдардың өзінде-ақ ол башқұрт жазушысы Мұстай Кәрімнің бір повесін, А. Лагиннің «Хоттабыч қарт» романын қазақшаға аударды.

Жазушы

Аудармашы

ҚР-ның еңбек
сіңірген
мәдениет
қызметкері

Шерхан
Мұртаза

Прозашы

Қоғам
қайраткері

Публицист

Қазақстанның
халық
жазушысы

Шерхан Мұртазаның тұңғыш кітабы — “Құрылысшы Дәку” очерктер жинағы 1958 жылы жарық көрді. Қазіргі замандас бейнесі, соғыс жылдарындағы тылдағы адамдардың қажырлы еңбегін баяндаған “Табылған теңіз” (1963), “Бұлтсыз күнгі найзағай” (1965), “Белгісіз солдаттың баласы” (1967), “Мылтықсыз майдан” (1969), “41-жылғы келіншек” (1972), “Ахметжанның анты” (1973), т.б. повестер мен “Интернат наны” (1974) атты әңгімелер жинақтары жарияланды. Өндірістің дамуы жөнінде, адам мен қоршаған ортаға қамқорлық туралы маңызды мәселелер көтерген, ғылыми-техникалық төңкеріс жайын сипаттаған “Қара маржан” (1976; ҚР Мемлекет сыйлығы, 1978) романы, мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың өміріне арналған (“Қызыл жебе”, 1, 2-кіт. 1980; “Жұлдыз көпір”, 3 кіт., 1984) роман-трилогиясы басылды. Драматургия саласында жазушының “Қызыл жебе” (1987, Қ.Ысқақовпен бірге), “Сталинге хат” (1988), сондай-ақ “Бесеудің хаты” (1989)

Аудармалары:

Шыңғыс Айтматов

- ❖ «Қош, Гүлсары»,
- ❖ «Ботагөз»,
- ❖ «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет»,
- ❖ «Боранды бекет»,
- ❖ «Жан пида»

М.Кәрімнің

- ❖ «Біздің үйдің қуанышы»

Л. Лагиннің

- ❖ «Хоттабыч қарт»

Сондай-ақ ол Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін,
венгр халық ертегілерін аударған.

Тортай шалдың есегі

Шерхан
Мұртаза



Тортай шалдың есегі

1. Әңгіме не жайлы?
2. Негізгі кейіпкерлер
3. Мұнда шалдың есегінің қатысы қандай?
4. Автор бұл әңгімесі арқылы не айтқысы келді деп ойлайсыздар?
5. Әңгімеден қандай салт-дәстүр көрсетілген?
6. Осы әңгімені оқу барысында қандай тұрақты тіркестерін кездестірдіңіздер?
7. Әңгімені басқа қалай атауға болар еди?

Интерна т наны

Шерхан
Мұртаза



Интернат наны

1. Әңгіме кім туралы?
2. Бұл шығарма қай жылы жазылған?
3. Автордың бұл шығарманы жазуына не себеп болды деп ойлайсыздар?
4. Шығарма автордың өзі жайлы жазғаны ма деген ой болмады ма?
5. Әңгіме ұнады ма?

Бір кем дүние

Шерхан
Мұртаза



Бір кем дүние

1. Берілген кітаптың ішіндегі қай шығармаларын оқыдыңыздар?
2. Бұл шығармаларда қандай ерекшелік бар?
3. Неге «Бір кем дүние» деп атады?
4. Шығармаларды оқи отырып қандай ойды ұқтыңыздар?

**Назарларыңызға
рақмет!**